

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского. – Санкт-Петербург, 1882.
2. www.egemen.kz
3. Хамзееұлы А. «Қазақ елі» деген лайық // Ана тілі, 30 сәуір-6 мамыр 2009.

ЭПОСТАҒЫ КӨНЕ ДӘУІР МАҒЛҰМАТТАРЫ

*Рахымов Б.С., ф.ғ.д., профессор,
Әлеуханова А.Т., магистрант,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақ фольклорындағы өлеңмен берілген эпикалық мұрамыздың ең көркемі, ең көлемдісі эпостар екені мәлім. Фольклордың басқа тектері мен түрлеріне қарағанда ең көп тексеріліп, қызыға және құлшына зерттелген саласы да эпостар екені анық. Осы уақытқа дейін эпостың жиналуы, жариялануы, зерттелуі туралы өзіндік шежіре қалыптасып үлгерді. Соның ішіндегі мәндісі эпостың дүниеге келуіне түрткі болған оқиғалар, көлемді жырдың шығу тегі мен дамуы және тарихилығы туралы біршама зерттеулер жүргізілді. Осындай зерттеулердің нәтижесінде эпостың тегі мен түрлеріне үніліп, жанрлық жіктеулер жасауға талпыныс қалыпты жолға түсті. Қазақ эпосын бұл тұрғыда түсіндірушілер көбіне академик Ә.Х.Марғұлан мен профессор Ә.Қоңыратбаевтың жіктеулеріне сүйенеді. Ең алдымен сол жіктеуге орын беріп, қазақ эпосының төмендегі бөлінісіне назар аударайық:

- 1.Ертегілік эпос («Ер Төстік», «Құла Мерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық - Зарлық»)
- 2.Түркі қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос («Орхон жазулары», «Күл-Тегін» жайындағы жырлар)
- 3.Оғыз эпосы («Кітаби дадам Қорқыт» жырлары, «Оғызнама»)
- 4.Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Шора батыр»)
- 5.Лиро эпос («Қозы-Көрпеш», «Қыз Жібек»)
- 6.Ноғайлы эпосы («Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Ер Тарғын», «Қырымның қырық батыры» жырлары)
- 7.Тарихи эпос («Бекет», «Досан батыр», 1916 жыл поэзиясы)
- 8.Шығыс дастандары («Рүстем Дастан», түрлі қиссалар)
- 9.Авторлық эпос («Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Нар қыз»)
- 10.Совет эпосы (Аманкелді, Мәлік, Төлеген туралы жырлар) .

Дәл осы жіктеуді басында қазақ эпосының жанрлық бөлінісі деп ұғып, тек пен түрге қатысты бағалағандар болған. Қазақ эпосын тегі жағынан жинақтап, жанрлық тұрғыдан түсіндірген ғалымдар негізінен төмендегідей түрлерге жіктеді:

- 1.Көне эпос
- 2.Батырлық эпос
- 3.Лиро – эпос
- 4.Тарихи жырлар
- 5.Діни дастандар

Бұл әлемдік тұрғыдағы эпосты жіктеу тәжірибелеріне сәйкес, ғылыми тұрғыдан дұрыс тұжырым екендігі аян. Жоғарыдағы алғашқы жіктеудің қазақ эпосын тақырыптық және дәуірлік жағынан ерекшелеу десекте, оның дәуірлік жағынан сәйкеспейтін тұстары бар. Мұнда қазақ хандығының қалыптасуы, ондағы эпос тудырған оқиғалар ескерілмеген. Екіншіден, қазақ тарихи жырларының тақырыптық және жанрлық жіктелісі хронологиялық тұрғыдан дұрыс берілмеген. Үшінші, діни дастандар туралы ештеңе айтылмаған. Кейінгі қазақ эпосын немесе ұлттық фольклорды дәуірлік жағынан бөліп, жүйелеп түсіндірмекші болған ғылыми диссертациялық жұмыстарда да бұл мәселе сол қалпында бағаланып жүргені баршаға белгілі. Біз бұл мәселеге тарихи өлең, тарихи жырларға қатысты мәселелерде де тоқталамыз.

Ендігі айтпағымыз эпостық тарихилығы туралы болмақ. Басында да айттық, қазақ эпосының тарихқа қарым-қатынасы зерттеу еңбектерде де айтылған. Өткен өмірдің ізі, сәулесі эпостық

мұраларымызда бар екендігін зерттеуші ғалымдар қалыс қалдырмаған. Алайда сол дәуірдің әпербақан саясатынан ұлттық эпостарымыздың тарихилығын терең түсіндіріп, жан-жақты саралауға мүмкіндік болмағаны шындық. Оның дәлелін ғасырға жуық архив қазынасына айналған тарихи жырлар, тарихи өлеңдер, діни дастандар дәлелдейді. «Көптеген эпикалық мұраның халық игілігіне айналмай, архив мүлкі болып келуінің, кейбір ескерткіштер жөнінде кезінде атүсті немесе мүлде қате «үкімдер» шығарылуының да түпкілікті себебі эпос табиғатын түсіну мен талдаудың қиындығынан» .

Эпостағы тарихи шындықтың бейнеленуін тауып, дәлелдеп шығу теориялық тұрғыдан аса күрделі екендігін мойындау керек. Бұл пікірдің дәлелсіз еместігін орыс халықтары былиналарының тарихилығын сөз етіп, тұтыстай түсіндірмек болған ғалымдар: А.М.Астахова, А.П.Скафтымов, М.М.Плисецкий және т.б. еңбектерінде де айтылған (9,10,11). Қазақ фольклортану ғылымы тым кеш қалыптасты десекте, эпостану саласында айтарлықтай жетістіктер бар. Ғылымда эпостанудың көптеген шарттары мен өлшемдері қалыптасқан. Оның кейбіреуін айта кетейік. Эпикалық аңыздардың туған жылын немесе ғасырын дәл «түстеп» көрсету қиын болса да, уақыттық жағынан қандай дәуірлерге тән екенін анықтауға көмектесетін методологиялық таяныштар бар. Қай халықтың арасында туғанына қарамастан олардың көбіне тән ортақ белгілерді жинақтап, жүйеге түсіруге болады .

Эпостанушылардың бәрі де эпостың бастауы ертегілерге қатысты екенін айтады. Ерлік пен елдікті, батырлық пен бірлікті дәріптеудің тарихы тым ұзақ, қазақ фольклорында соның ізі эпоста айтарлықтай орын алған. Бұл тұрғыда, алдымен айтатынымыз «Еділ, Жайық», «Дотан батыр», «Құламерген», «Құбығұл», «Рауан батыр», «Жоя мерген», «Әділ Зайыт» және тағы басқалар. Осы аталған көне эпос үлгілерінің сюжеті ертегілерде де бар, оның дәлелін жекелеген мотивтерден тануға болады. «Алайда ертегі мен эпостық жанрлардың сюжетін іс жүзінде мотив пен кейіпкерлердің қызметіне (функциясына) жіктеп қарастыру фольклорлық зерттеуде бірәздан бері орын алған. Мұның себебі сюжетті құрайтын сан қырлы оқиғаларды жіктеп таратып, олардың ішінде бір-біріне сәйкес келетін белгілерін бірыңғай жинақтауға қолайлы болуында» . Бұл мәселенің біздің назарға алып отырған эпостың тарихилығына, эпикалық сюжеттің шығу тегіне қатысы бар. Алдымен ертегі мен эпостың екеуінде де бірдей қайталанып, қаһармандар бейнесін жасауға қатысты ортақ мотивтерге тоқталайық:

- 1.Перзентсіз ата-ананың арманы;
- 2.Қаһарманның ғажайып туысы;
- 3.Киелі күштердің «көмегі», ата-бабалар аруағы мен әулие-әнбиелердің қолдауы;
- 4.Баланың батыр болып, ерекше ер жетуі;
- 5.Батырдың қалыңдығын іздеуі, сол жодағы ерлігі;
- 6.Батырдың өзіне лайықты жар тауып, еліне оралуы;
- 7.Батырдың өз елін жаудан қорғаудағы күресі

Ертегілік эпостағы сюжеттің бұлай қалыптасып, классикалық эпостарға ауысуын генетикалық сюжеттер дейміз. Бұндағы таза ертегі мен эпостың шындыққа қарым-қатынасы, тарихи танымдық қырларын былайша ажыратуға болады. Тағы да ең негізгі белгі басты қаһарман болып шығады. Айталық, ертегі кейіпкерінің мұраты үйлену, отбасы мүддесімен ғана шектелсе, эпостағы қаһармандар тайпалық, елдік, ынтымақ пен бірлік, өз сертіне беріктік жолындағы халықтық істерге араласады.

Ертегідегі кейіпкердің ортасы, шыққан тегі «баяғыда бір кемпір мен шал» болса, эпоста кейіпкердің ортасы, ата-бабасы, ел билеуші хандар мен ел-жұрттың жайлаған жері нақтылана түседі. Бұл көне эпостың өмір шындығын көрсетудегі ертегіден айырмашылығы, тарихқа қарым-қатынасының белгісі деуге тұрарлық көрсеткіші.

Жалпы фольклорға тән басты ерекшеліктің бірі – көп нұсқалық. Бұны көбіне варианттылық деп те жатамыз. Эпостың неғұрлым варианттары көп болса, онда оның версиялары пайда бола бастайды. Эпостағы шындықты немесе тарихты іздеу осыдан басталып, салыстырмалы зерттеулердің сандаған тәжірибелері зерттеу нысанына енеді. Фольклортану ғылымында эпостың көп варианттылығын айтушыға, жыршыға байланыстырылады. «Қазақ даласы ежелден поэзияның сарқылмайтын дариясы, шалқар теңізі болғаны әмбеге мәлім. Ән мен айтыс бір егіз болса, күй мен жыр екінші егіз болды. Әнші, айтыс ақындары салт жырларының мектебін жасаған десек, айтушы жыраулар эпос мектебін

жасады» .

Қазақтың батырлар жырларының ең көп нұсқалы болып келетіні «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырлары екендігі аян. Ғылыми зерттеулер арқылы «Алпамыс батыр» жырының қазақ халқының жыршылары жеткізген 16 варианты бар болса, жырдың түркі халықтарына кеңінен жайылғаны өзбек, қарақалпақ, башқұрт, ноғай, татарлар арасындағы нұсқаларын атауға болады. Бір ғажабы жырдың барлық нұсқаларында да бір перзентке зар болған ата-ана арманы, жаратқанның құдіретімен ғажайып бала тууы, тез өсіп, ер жетуі және өзіне лайықты жар табуы толық сақталған. Ертегі сюжетінің немесе мотивінің эпостағы сақталу дәстүрі осылай өрбіп, генетикалық сюжет өзіне тән заңдылығын қалыптастырады екен. Ал жырдың деректілігі мен тарихи негізі қаһарманның ел қорғауы, жерін қорғаудағы іс-әрекеттерінен көрінеді. Бұл мәселені айқындау үшін ең алдымен Алпамыс жырының версияларына тоқталайық:

1. Жырдың ең толық нұсқасы саналатын «Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуі, Алпамыстың қалмақ ханы Тайшықтың соқтығысуы, Ұлтанның үстемдігі» туралы оқиғаларға қатысты М.Сандыбаев, С.Аққожаев, Ә.Байтұрсынов, К.Серғазиев нұсқалары өз алдына бір версия құрайды. [15]

2. Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуі, Байбөрінің малын барымталап кеткен Тайшықтан кек алу үшін Алпамыстың жорыққа аттануы. Қаракөзайым, Кейкуат бейнелерінің жырдағы қаһарманға көмекке келуі. Бұл жырдың Жиёмұрат, Рахат жырау нұсқаларында ұшырасады.

3. «Алты жасар Алпамыс» атты ертегі түріндегі нұсқасы. Бұл нұсқаны Е.Аханбековтен жазылған. Орыс тіліне аударып бастырған Ә.Диваев екен .

Зерттеуші ғалымдардың дені жырды тайпалық дәуірдің туындысы десе, кейбір ғалымдар Қорқыт жырларындағы «Бәмсі-Байрақ» жырымен сабақтастырады. Жырдың тарихына қатысты пікір айтқан В.М.Жирмунскийдің айтуынша бұл жырды XII-XIV ғасырларға жатқызып, жырдың жасалуын моңғол шапқыншылығына қатысты дегенге тоқталды . Жырдың тарихына қатысты қазақ, өзбек, орыс, қарақалпақ, башқұрт халықтары ғалымдары арасында талас пікірлер өрбіді. Осының ішінде жырдың тарихы негізін дұрыс саралап, дәлелді түсіндірген Ә.Марғұлан еді. Ғалым жырдың көне заманда жасалғандығын нақтылайды . Кезінде рухани құндылықтарымызды қатаң таптық тұрғыдан бағалап, қайта саралауда бұл пікірді негізге алып, «Алпамыс батыр» жырын оқу бағдарламасынан алып тастауға дейін барды. Сондағы басты ұстаным қаһарманның бай табынан шыққандығы болып, жырдағы «Ұлтан құлды» жақтаушылар пайда болды. Нақтылай айтқанда жырдың рулық кезеңде шығып, қалыптасып, даму үстінде болғанын түсіндіру қиынға айналды.

«Алпамыс батыр» жырындағы басты қаһарманның шыққан ортасы, мекендеген кеңістігі мәлім. Басты таяныш Алпамыстың қоңырат руынан шығып, соның қолдаушысы және қорғаушысы болғандығын жырдың барлық сюжеттері дәлелдейді. Олай болса, жырдағы қоңырат руы туралы мағлұматтар бар ма, бар болса қай кезеңдерден белгілі екендігіне назар аударайық. «Қоңырат-ру аты, тарихи мәліметте моңғол шабылуымен (XII ғасырдың аяғы, XIII ғасырдың басы) байланысты пайда болған. Осы кезеңнен бастап Алтын Орданың тарихында маңызды роль атқарады. Қазіргі уақытта қоңырат руы Орта Азиядағы түрік халықтарының: өзбектің, қарақалпақтың, қазақтың, түркіменнің құрамында бар» . Бұл берідегі тарихи оқиғалар кезіндегі деректер десек, қоңырат руының түркі халықтарының бір тайпасы болып жүрген кезеңін VI-VIII ғасырлар деуге болады. Оның үстіне жырдағы аталатын Жиделі Байсын жері, Байсын көлі осы күнгі Өзбекстанның оңтүстік бөлігі, Ауғанстанмен шекаралас жатқан аймақ екендігі белгілі. Байсын атты жер мен Байсын атты тау табиғаты тамаша, аса бір шұрайлы кеңістік болып табылады. Анығын айтсақ Алпамыс шыққан қоңыраттың ежелгі мекені осы Байсын жерінен басталып, ұланғайыр аймақты алып жатқан. Жырдың оқиғаларын әр дәуірде өзгеріп, өңделіп отырғандығын Алпамыстың қалмақтармен соғыстары дәлелдеп тұрғаны анық.

Қазақ арасына кең тараған батырлық эпостың енді бірі – «Қобыланды батыр» жыры. Бұл жырдың 29 нұсқасы бар. Біз білетін бұл жырдың 26-сы Қобыланды батыр жайында жырласа, үшеуі Қобыландының балалары жайындағы нұсқалар. Көп нұсқалы жырдың негізгі версиясы үшке бөлуге болады.

1. Жырдың толық нұсқасы болып табылатын немесе бірін-бірі толықтыратын алғашқы версиясы айтушылары: Марабай жырау, Мергенбай жырау, Біржан Тойлыбайұлы, Күлзак Аманкелдин айтатын жыр үлгілері. Барлық жырдағы ортақ мативтер : Перзентсіз ата-ана арманы; Қаһарманның ғажайып

туысы, өзіне лайық жар таңдауы жолындағы ерлігі, еліне шапқан жаумен айқасы, қапылыста қолға қолға түсуі, бәрін жеңіп еліне келуі, өзі жоқта елін көшіріп әкеткендерден елін азат етіп, батырдың жеңісімен жыр шешімі жасалған. Бұндағы Қобыландының негізгі айқасатын жауы қызылбастар мен қалмақтар болып шыққан.

2. Жырдың екінші версиясын жасаушы жыршылар: Мұрын Сеңгірбаев, Сүйіншалы Жаңбыршин, Айсә Байтабынов, Нұрсейіт Битілеуов, Нұрпейіс Байғанин, «Ноғайлы қара қыпшақ Қобыланды батыр», Ережеп Тілеумағанбетұлы және тағы басқалар. Бұл нұсқаның мотивтері алғашқы вариантқа ұқсас десекте, мұндағы Қобыландының айқасатын жаулары қалмақтар болып шыққан. Жырды ноғайы дәуіріне қатысты қылып шығарған.

3. Жырдың үшінші версиясын Қобыланды батыр жөніндегі қарасөзбен айтылытын аңыздар, батырдың балалары туралы эпикалық жыр үлгілері құрайды.

Осыған байланысты жырды зерттеуші ғалымдар пікірі жырдың тарихи негіздеріне қатысты үшке бөлініп, үш түрлі дәуірлерге байланыстырылған.

1. Жырдың алғашқы тарихи қарым- қатынасы туралы пікір айтқан М.О.Әуезов болса, оның пікіріне қосылған С.Мұқанов, Қ.Бекхожин, Қ.Жұмалиевтер «Қобыланды батыр» жыры XVI ғасырда туды, оған осы күнгі татар республикасының астанасы Қазан қаласын орыс патшасы Иван Грозныйдың 1552жылы өзіне қаратып алуы себеп болды деп көрсетеді. Бұған жырда Қазан қаласының аталуын дәлел етеді» [22,23,24].

2.»Қобыланды батыр» жырына қатысты терең тексеріп, ғылыми еңбек жазған М.Ғабдуллин бұл жырды қызылбастар мен қыпшақтардың арасындағы оқиғаларды бейнелейтін жыр деп қарап, жырдағы «Қазан» қала атауы емес, «Қазан ханы» Ғазан, Ғазан хан деп түсіндірді. Бұл пікірді кейін М.О.Әуезовте және т.б. ғалымдар қостады. [25]

Жырдың белгілі барлық нұсқаларын тауып, орыс тіліне аударып, көлемді еңбек жазған О.Нұрмағанбетова да осы пікірдің қисынсыз еместігін қостап, жырдың қазақ хандығы құрылуына қатысы бар деген пікірлер айтты [26,166-167]. Бұл пікірдің өзінің «Көшпенділер» атты трилогиясында І.Есенберлинде жазған еді [27].

3. «Қобыланды батыр» жырын Қорқыттың жырларымен байланыстырып, ондағы «Қазансолардың үйін жау шапқанда» атты жырмен салыстыра зерттеулер жүргізген Ә.Қоңыратбаев болатын. Бұндағы оқиғалардың оғыз- қыпшақ кезеңдерге қатысы барлығын Ә.Қоңыратбаев арнайы тексеріп толықтай түсіндіруге күш салған [28].

Сонымен назарға алынып отырған «Қобыланды» батыр жырының оқиғасын үш түрлі деректің негізінде жинақталып, ғылыми түйіндер үш түрлі дәуірлерді көрсетеді.

1. IX-X ғасырлардағы оғыз - қыпшақ қарым- қатынастары.

2. XIII ғасырдағы қызылбастар мен қыпшақтар арасындағы қарым- қатынастар.

3. XIV-XV ғасырлардағы қазақ - қалмақ шапқыншылығы оқиғалары.

« Алпамыс батыр» жырындағыдай «Қобыланды» батыр жырыда тайпалық кезеңде туып, қыпшақ руының әйгілі батырын дәріптеуге құрылған эпикалық шығарма екендігі талас тудырмайды. Тек жырға әр дәуірдің оқиғалары телініп, идеясы жыраулар тарапынан енгізіліп отырғаны болмаса... Жырдағы Қобыландының жауы бірде қызылбастар , енді бірде қалмақтар болуы да бұны бұлтартпай дәлелдейді.

Қазақ эпосында рулық, тайпалық кезеңнің салт- дәстүрін, қоғамдық қарым- қатынастарын тап басып, тереңдей түсіндіретін Алпамыс, Қобыланды және т.б. батырлық жырлары болса, лиро-эпос жырларынан «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жыры. Көне дәуірдің ғажайып ескерткіштерінің қай-қайсысын алсақ та, өзінің жұмбақ сырларымен, ерекше таңқалдырарлық таусылмас сандаған қырларымен еріксіз өзіне мейлінше тартып, терең толғаныстарға түсіретіндігімен дараланатындығы баршаға аян. Бүкіл түркі әлемінің төрінен өзіне лайық орын тапқан сондай ғажайыптардың бірі ғашықтық тақырыбындағы қазынаның інжу-маржаны - «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры. Жырдың туған дәуіріне қатысты қызыға ізденіп, құнды пікірлер қалдырған ғалымдар өте көп. Бұл тұрғыда орыс және басқа да халықтардың ғалымдарының істеген істері мен зерделі зерттеулер қалдырғанын М.О.Әуезов, Ә.Х.Марғұлан, Ы.Дүйсенбаевтар орынды бағалаған. Жырдың әр кезеңдеріндегі түрлі нұсқаларын жазып алып, басқа халықтардың тілдеріне аударып, жарыққа шығаруда В.В.Радлов, И.Беленицин, Г.Саблуков, И.А.Кастанье, П.М.Мелиоранский, Г.Ф.Генс, Ю.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, Н.Г.Тверитин, А.Құнанбаев т.б. есімдері айрықша аталады. Сондай-ақ, шынайы

махаббатты ардақтайтын жыр оқиғасы Петерборда сенатқа мәлім болғаны, Николай патшаның өзі жырды құмарта тыңдағаны, бұл жырдың А.С.Пушкинге де таныс болғандығы орынды аталып келеді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын көп зерттеген Г.Н.Потанин дастанды Батыс Европаның, орыстың, шығыс елдерінің бірнеше ғашықтық жырларымен салыстырады. Соның нәтижесінде: «Бұл жыр жер жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма» – десе, Б.А.Куфтин дастанды қазақтардың «Ромео-Джюльеттасы» деп бағалайды. Бұның бәрі жырдың нұсқалары табылып, сюжеті белгілі бола бастағандағы айтылған лебіздер еді.

Ал келесі бір жырға қатысты зерттеулер жүргізуге себеп болған мәселені Ә.Х.Марғұлан орынды көрсетеді. Ғұлама ғалым былай дейді: «Бұл жазуларды зерттегенде олардың аса көңіл қойып, қызыға қарағаны, әсіресе, Көрпеш пен Баян сұлудың тарихи заманнан келе жатқан ұлы мұнарасы, сәулетті етіп жасаған биік кешені», – екендігін айғақты дәлелдермен терең талдайды. Зиялы қауымға таныс «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» кешені туралы алғаш пікірлер айтып, бұған қатысты ел аңыздарын жинақтаған ғалымдар П.С.Паллас, И.Г.Андреев, А.И.Левшин, Г.Ф.Генс, В.Федоров, А.И.Шренк, Н.А.Абрамов, Ш.Уәлиханов, П.П.Семенов-Тяньшанский, Г.П.Потанин т.б. екендігі бүгінде ғылымда толық бағасын алған. Ғалымдар еңбегінің басты маңызы ғашықтарға орнатылған биік күмбездің қай жерде екендігін мәлімдеп, ондағы мүсін тастар мен жер-су атауларының «Қозы мен Баянға» қатысы барлығын ел аңыздары мен жыр нұсқаларына байланыстыра қарауы дер едік. Бұл мәселе «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының пайда болған дәуірін анықтауға да бастама болды десек, артық айтқандық емес. Бір ғажабы тексерулер нәтижесі төмендегідей қорытындылар жасатқан:

1. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» туралы аңыздар іздестірудің нәтижесінде оның нұсқалары отыздан асып кеткен. Ең көбі, қазақ халқы арасында екен. Біздегі сандық көрсеткіші 16 вариант болып отыр. Екі ғашықтың аянышты тағдырын баяндайтын жыр үлгілері қазақтар, алтайлықтар, телеуіттер, барабылықтар, башқұрттар, сахалықтар, ұйғырларда сақталған. Қысқасы, ғашықтықты ардақтайтын жыр түркі тектес халықтар арасына кеңінен таралған.

2. Фольклортану ғылымын тарих, этнография, археология ғылымдарымен тығыз ұштастырған ғұлама ғалым Ә.Марғұлан: «Аяғез бойында тұрған бұл кешен (Қозы мен Баянның күмбесін айтып отыр – Б.Р.) мен оның ішіндегі мүсін тастар – исламнан көп бұрын жасалған өте ескі дәуірдің белгілері. Олар түрік қағанаты кезінде (ҮІ-ҮІІ ғ.) шыққан. Адамның суретін салған мүсін тасты халық сол кезде ерекше қадірлеген», – дей отырып, жырдағы Шоқтерекке қатысты аңыз бен «Шоқтеректің» түбіндегі екі жастың келбеті келтірілген алтын бейнені өте ескі заманның ескерткіші ретінде санайды. Бұл жырдың ту баста сак, ғұн, түрік қағанаты кезінде айтылған жыр дегенді дәлелдей түседі.

3. Қазақ арасында таралған жырдың Айтбай Дандыбайұлынан жазып алған нұсқасында (Н.Н.Пантусов, 1888) Сарыбай түрікпен оғыздарынан, Қарабай Жетісудағы сұлтандардан делінеді. Бұған жырдың Баян-ауыл варианты да сәйкестенеді.

4. Жырдың Шөже, Жанақ, Бейсембай нұсқаларында «Орманбет би» есімі мен ноғайлы дәуірі аталады.

5. Келесі бір нұсқаларында «Ноғайлы» деген ескі атаулар жойылып, оның орнына Кіші жүздің Шеркеш руы, не орта жүздің «Бағаналы» («Найман») рулары аталады. Бұл ерекшелікті кезінде М.О.Әуезов те атаған еді. Бұның себептеріне қатысты Мұқан: «Әр дәуірдің, әр жердің ақындары өз ортасындағы тыңдаушылардың ыңғайына тартқанымен, оның негізгі мазмұны, оқиға желісі бір арнаға саяды», – дейді. Бұл жырдың сюжетіне қатысты айтылған тұжырым.

Жырдың дәуіріне қатысты тексеруде бұндай бес түрлі деректердің кездесуі неліктен? Бұл сауалдың жауабы – біреу. Түркі тектес халықтардың бірлігі кезеңінде туындаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» оқиғасы сол халықтардың бәрінде ұмытылмас ескерткішке айналған. Ал олардың арасындағы бірліктің бүлініп, қайтадан бөлінулерінде ғашықтық аңыз сәл көмескі тартса, ел бірлігі қалпына келгенде сол халықтардың асыл қазынасы ретінде жаңарып, жаңғырта жырланып отырған. Біздіңше, бұл орайда Ш.Уәлихановтан басталған жырдың дәуіріне қатысты тексеруді тереңдеткен Ә.Қоңыратбаев еңбегінде де жырдың исламнан көш бұрын шыққандығы айтылса, академик Ә.Х.Марғұлан дәуірлік жағынан анықтай түсіп, бастапқы варианттарындағы Сарыбайдың арғы тегін оғыз бен қыпшақтардан таратқанына үлкен мән береді. Сөйтіп, «Бұл мотив түрік қағанаты кезінде (ҮІ-ҮІІ ғғ.) Сыр бойы мен Арқаны бірдей қоныстанған қыпшақ пен оғыздардың өмірін еске түсереді», – дейді. Сонымен қатар, жырдың дәуіріне қатысты басты белгінің бірі – «Шоқтерек».

Бұл ғашықтар жайындағы баяндалатын эпикалық жырдың барлық нұсқаларында да ұшырасады. Бұған қатысты Ә.Марғұлан зерттеуінде былай делінген: «Ең ғажайып нәрсе – ескі дәуірде жасалған алтыннан құйылған Шоқтеректің, онда отырған адамдардың, оның әрбір көрінісінің сюжет мотивтері қазақ халқы мен алтай елі айтатын эпос жырында осы күнге дейін аса жарқын түрде сақталып келгендігі», – турасында толық мәлімет берген.

Жалпы эпостың тарихи кезеңдерін анықтауға ондағы аталатын жер-су, тау-тастардың септігі тиеді десек, Қозы Көрпеш пен Баян сұлуға арналған жырда Қазақстан аймағындағы жер атауларына молынан орын берілген. Керек десеніз, өз алдына топонимикалық аңыздар деуге тұрарлық. Анығында, көш өткен жерлер мен Баянның жіберген тартуларына қатысты жер атаулары пайда болғандығы халықтық жырда ерекше тебіреніспен жырланады. Жырдағы аталатын жер-су атаулары: Аякөз, Жорға, Жауыр, Шұбарайығыр, Тоқырауын, Жамшы, Есіл, Домбыралы, Моншақты, Алтынсандық, Қарқаралы, Баянауыл, Шідерті, Шоқтерек, Шу, Сыр бойы, Айтаңсық, Жауыртау, Балталы, Нұра, Бетпақтың шөлі, Мұз теңізі, Түмен т.б. Қазақстан картасындағы бар атаулар екендігі рас. Шындығына келсек, бұл атаулардың қайсыбірі жырға қатысты болса, жырды үнемі қайта жаңғыртуда қазақ жыршыларының үстемелей қосқандары да болуы мүмкін. «Қозы мен Баянға» қатысты жырдағы ең басты топонимнің тайға таңба басқандай аңыздаудағы тұрақты айтылатыны Аякөз, Баян жүрек тауы, Айтаңсық өзендері. Бұдан басқа күні бүгінге дейін Қазақстан картасына түспеген Бетпақтың шөліне тақау орналасқан, көктемнен бастап жылы жақтан Арқаға ауатын аң мен құстың айлық мекені болатын оңтүстігінде – Ақмешітке, батысында – Шуға, маңдай алды – Атасу өзеніне қарай бағытталатын Тараз территориясына жақын жатқан «Қодардың қара жартасы», «Қаратау», «Сарыбай обасы» атты атаулар Арқа жерінде ұшырасады. Қазір бұл сахарада ешқандай елді мекен қалмаған, бос кеңістік екендігі көпшілікке беймәлім. Дәл осы арада да «Шоқтерек» атты дөңгелене өскен шағын теректер бар. Бұған қоса, Нұра өзенінің аңғарындағы Қарт тауының ішінде «Қарабай ордасы» делінген ескі тас қорған барлығы Ә.Марғұлан еңбегінде айтылған. Бұл жайлардың не жырға қатысты тууы немесе халықтың сол жырдан ерекше ләззат алып, өзіне ұнаған кейде ұнамаған жер атауларын солай атап кетуі де әбден мүмкін. Бұл орайда, жалпы еліміздегі жер-су, тау-тас, өзен-көл т.б. турасындағы сандаған мекендік аңыздар ел аузында айтылса да, көптеген үлгілері хатқа түскенімен, олардың мәтіндері жеке жинақталып жұртшылыққа жетпеуінің өкінішті-ақ екендігін алдымен фольклортанушылар мойындауға тиісті. Сандаған жер-су атауларының көне түркі дәуіріне қатыстылығы да зерттеушілерге үлкен көмек болар еді. Кеңестік дәуірдегі түркология ғылымының даму деңгейінен, тәуелсіздік туы көтерілгендегі түркология саласының сәл бәсеңдеуі де ойландырарлық мәселе демекпіз.

Жырдың дәуіріне қатысты зерттеуші ғалымдар арасындағы түрлі даулы пікірлермен қатар, эпикалық шығарманы айтушылар арасында да тартыстар болған. Жоғарыдағы жырды оғыздарға қатысты деп жырлаушы Айтбай ақын: «Шөже мен Бейсембай ақынның айтқандарына онша көңілі толмай, тарихи шындықты неғұрлым кең қамтуға ұмтылғанын жыр соңында ескертеді». Әр дәуірдің арман-аңсары, талап-тілегіне сай халық шығармасының өзгеріп, өңделіп, отыратындығы фольклордағы заңдылық. Бұл заңдылықтың негізі жазу-сызу өнері болмаған кезеңде жатқандығын талай ғалымдар орынды ескерткен.

Біздіңше, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының алғашқы делінетін нұсқалары көшпелі ел тағдырын айғақтайтын, рулық қарым-қатынастардан бөлек, тайпалық кезеңнің қалыптасқан дәуірін дәлелдейтін барша түркі халықтарына ортақ ескерткіш болатын мұра демекпіз.

Мәңгіліктер қатарынан лайықты орын алатын ғашықтық жырдың сюжеттік түзілісінің өзі бізге ауызша сөз өнерінің жасалу дәстүрін еске түсіріп, оның пайда болу заңдылықтарын таныта түседі.

Жырдың сюжетіндегі оқиғаның реалистік сипатымен қатар, жасалу заңдылығында «Ер Төстік», «Аяз би» ертегілерінен ұшырасатын мотивтер, мифологиялық тұрғыда адамның жыртқышқа айналуы, зерлі қой, бозторғай туралы элементтердің кездесуі түркі тектес халықтардың фольклорлық мұрасының архаикалық кезеңдерінен хабар береді. Ал эпикалық шығармалардағы екі жастың шынайы махаббаты заңды некенің тазалығын құрметтеуден туындап, оны барлық халықтар үлгі-өнеге еткен. Бастауы көненің көзі мен ақ адал сөзі болған, екі жастың пәк махаббаты жолындағы күресі туралы сюжет сандаған ғажайып осы тектес шығармалар тудырған. Сол татымды да тартымды дүние тудырған халық өзіне жақын туыстас басқа да халықтардың «Қозы мен Баян» шығармасы тектес мұраларын жатсынбай қабылдап, «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Мұңдық-

Зарлық», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зухра» секілді шығармаларды өзінше түсініп, өз топырағына лайықтап жырлады. Ежелден шынайы ғашықтықты дәріптейтін халық дәстүрінің негізгі бастауы «Қозы Көрпеш –Баян сұлудан» басталып, «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» т.б. арқылы жалғасуының берік дәстүрі «Ақан сері – Ақтоқты», «Естай мен Қорлан» тағдырына дейін де қаймағы бұзылмастан тұмадай таза, періштедей пәк күйінде елдің шынайы ықыласына бөленді. Керек десеңіз, дәл осы сюжет кеңестік дәуірде де қалыс қалмады. Ежелгі дәстүр арқылы «Қамар сұлу», «Шұғаның белгісі», «Сұлушаш» т.б. ғашықтық тақырыбындағы кесек туындылар жазылғанымен, мұндағы Қодар, Бекежандар бейнесін өңкей жасы ұлғайған шал-шауқандар басты. Сөйтіп, қазақ қараңғы, обал-сауапты білмейтін имансыздар дегенге шылбыр ұстатты. Бастауын ауыз әдебиетінен алатын, дәстүрі мызғымас елдің мұрат-мақсаттарына да сызат түсті. Бұлайша қазақ қызының тағдырын өксітіп, өкінішке түсіру, өмірден түңілдіре көрсету Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» атты кесек туындысына дейін жалғасты десек артық айтқандық емес.

Басқа халықтар секілді қазақтың шынайы махаббатын ардақтайтын асыл қазынасын көзден таса қылмай, халқына қайта оралтудың жолын тапқандар да болды. Ел арасындағы ойын-сауық кеміп, ұлтының мақтаны болған халық шығармаларына дақ түскен тұста М.О.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтер «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш –Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ақан сері - Ақтоқты» және батырлық жырларды драмаға айналдырып, ұлттық драматургияның інжу-маржанына айналдырды. Әрине, өктем идеология өз дегендеріне көндірген тұс та болды. Алайда, махаббат тақырыбында «Қозы мен Баян» сұлудың шынайы ғашықтығын талғамға сай баяндаған дәстүрлі сюжет көлеңкеде қалған жоқ.

«Қозы мен Баян» тағдырына қатысты кейінгі варианттарда «рулар атауы кездесуі неліктен?» - деген сауалдың туындауы да мүмкін. Бүгінде трайбализм сырқаты асқынып тұрғанда, ондай дау-дамайлардың болуы әбден шындық. Егер қазақты жақсы танытындардан «Қазақ қандай халық?» - деп сұраса, бірден «қонақжай», «жомарт», «ақ көңіл», «адал» т.б. жауап берері хақ. Сонымен қоса, «қазақтың кемшілігін айта аласыз ба?» - десе, басты бір кемістігі рушылдық, егер оған шалдыққандар болса, онда бір-бірінің жағасынан алып, жанжалдаспай тынбайды деуі де талассыз. Бүгінде алаштың айтулысы болған, қазақтың ар-намысы үшін атқа мінген Абылайдың ата-баба тарихын жүгенсіздікпен қайта «қазақ» қылып туғызсақ, ел басына түскен азалы күннің халықтық гимні болған «Елім-айды» есімі тарихта толық қалмаған жыршының айтқаны десек, халықтық жырдың арқауына ілікпеген батырларды тауып, оларды бір-бірінен оздырып жатсақ, бұны рушылдықтың асқынған түрі демей, не дейміз. Бір кереметі осының бәрі фольклорлық шығармалардан табылып, ондағы оқиғалардың өзгертіліп, қоспалардың жазу-сызу өнері дамыған космостық заманда қосылуы таң қалдырады. Бұның аты ғылым тілінде – конгломерат, қазақша айтсақ – қырық ру, қырық құрау болып шығады. Фольклортану ғылымының жиналуы, хатталуы қаншалық деңгейде екендігі де осы жерден байқалады. Егер бұлай бола берсе, ХХІ ғасырдың орта тұсында «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» біздің қазақтағы бәлен рудың шығармасы екен деген де тұжырым жасалмақ. Жас ұрпақ ата-тегін білсін. Дұрыс-ақ, алайда жік түсіруге жол бермеу бәріміздің парызымыз. Біреулер рушылдықты ұлтшылдық, отаншылдық деп түсінуі тиіс. Сондай түсініктердің барлығы газеттер бетінде жазылған жайларға жастар тарапынан сын айтылса, «байқа балақай» дейтін үлкендердің ескертуі аңғартады. Рас, біз үлкен сыйлауды туа меңгерген ұлтпыз. Жастардың бұны ұмытпағаны аңғарылады. Дегенмен, өз дегенімен жүргіземін дейтін үлкендер де бар екенін жасырмайық.

Ғасырлар тоғысы тәуелсіздік деген көп күткен керемет «сүйінші» әкелді. Тәуелсіз ел атандық. Ендігі іс соны баянды етуге бағытталуы тиіс. Осы істе ел бірлігі, басқа халықтармен ынтымағы барлық халықтарға ортақ бүгінгі сөз болып отырған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты мәңгілік мұралармен сабақтаса бермек. Өйткені, оның айтары шынайы, пәк тазалықты ардақтау екендігі дәуірлік және дәстүрлік жағынан толық көрініс тапқан.

Қазақтың бұдан кейінгі ерлікті үлгі- өнеге ететін батырлық жырлары: «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қырымның қырық батыры» жырларының негізінде ноғайлы дәуірінің ізі қалған. «Ноғайлы дәуірі феодализмнің бесігі ғана емес, сонымен бірге бірде ұлыс, бірде хандарға бодан болып жүрген түркі тайпаларының жеке- жеке ел болу процесіне жол салған кезең болған еді. Осы тенденцияларды түсінген В.М.Жирмунский қазақ эпосының оқиғалары ноғайлы заманынан алынған. Едіге, Ер Көкше, Ер Қосай, Орақ сияқты батырлар тарихта болған адамдар деген. Жирмунский Тоқтамыс және Едіге күресін феодализм дәуірінің типтік тартысына жатқызған. Бұл пікір негізінен Ш.Уәлихановтан басталған еді.

Ноғайлы дәуірінің қазақ халқына қарым- қатынасы, кезең оқиғалары мен тарихи деректері тарихтан түсіндіріліп келеді. Соның айғақты мағлұматтарын эпостық жырлар береді. Ноғайлы дәуіріне қатысты қазақ эпосында шындық пен тарихи тағылым басым. Алайда тарихи деректілік тек қана ноғайлы эпосында ғана деген ой тұмауы тиіс, қазақ эпосына тарихи элемент негізінен Түркі қағанаты кезінен бастап енгені анық. Бір анығы VIII-IX ғасырлардағы түріктердің түңілген жауы- арабтар болса, XIII ғасырда – жойқын жоңғарлар болды. Бұның ізі қазақ эпосында «қызыл бас», «қалмақ» деген атаулар арқылы таңбаланған. Көбіне бізде эпосты әдеби тұрғыдан жақсы, жаман арқылы образдық талдауға бағындыру әдетке айналған. Эпостың шығу тегі мен дамуы және тілін тексеріп, сюжеттік талдау жүргізгенде ғана эпостың тарихи негіздері ашылмақ. Себебі, сюжет тарихтан туады. Біздегі ғашықтық жырлар: «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман- Мамыр», «Айман- Шолпан» т.б. лиро- эпостарымыз таза тарихи оқиғаларға қатысты туған. Олардағы тарихи шежіренің сол қалпында сақталуы, бергі дәуірде туғандығынан екендігі талассыз.

Бұл мәселенің көбінің ғылымда беті ашылып, тереңдей зерттелгендігін ескере келе, біз саналы түрде негізгі тақырыпқа байланысын шолу түрінде баяндадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Марғұлан А.Х. «О характере и исторической обусловленности казахского эпоса». Изв. АН КазССР. Серия историч., 1946. С. 75-81.
- 2.Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. –Алматы: Ғылым, 1987. 5-98.
- 3.Гацак В.М.Типология народного эпоса. М., 1975. С.4.
- 4.Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы,Ғылым, 1982. 832 б.
- 5.Мелитинский Е.М.Приосхождение героического эпоса. Ранние формы и орхонские памятники. М., 1963. С.47- 61
- 6.Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы. Ғылым, 1993. Б.19-30.
- 7.Рахымов Б.С. Эпостану негіздері. – Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 2000ж73б
- 8.Бердібай Р. Эпос ел қазынасы. Алматы. Рауан, 1995., б 57.
- 9.Астахова А.М. Быланы. Итоги и проблемы изучения М. «Наука», 1966, С 12- 15
- 10.Скафтымов А.Л. Поэтика и генезис быланы. Саратов, 1924., С.127
- 11.Плисецкий М.М.Историки русских былан. М.,1962 С42-67
- 12.Бердібай Р. Аталған кітабы,Б.4.
- 13.Ыбыраев М. Аталған еңбегі Б 100.
- 14.Қоңыратбаев Ә. Аталған еңбегі.Б241-242
15. «Алпамыс батыр» жыры. –Алматы. Қазкорәд.бас, 1961
16. «Батырлар» 6-бөлім Ташкент 1922
- 17.Қаз.ғыл.акад орталық кітапханасы қолжазбасы бөлімі. №162,24б
- 18.Қоңыратбай Т.Ә.Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Монография – Алматы. Ғылым, 2000, Б48-61
19. «Узбекский народный георический эпос». М., 1947
- 20.Ғабдуллин М., Сыдықов Т.. Қазн халқының батырлық жыры. Алматы. Ғылым , 1972-388б
- 21.Сонда, 62б.
22. «Шолпан», 1922. №2-3; «Таң», 1925
- 23.Мұқанов С., Бекхожин Қ. Әдебиет хрестоматиясы. Орта мектептің 8-класына арналған. Алматы, 1939
- 24.Жұмалиев Қ.Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері . Алматы, 1939
- 25.Ғабдуллин М.Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 974
- 26.Нұрмағамбетова О.Ә. Өмір өрнектері. Астана, Издательство «созмоз», 2004-43б
- 27.Есенберлин у. Көшпенділер тарихи трилогия 3кітап. Алматы. Жазушы976-344
- 28.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы Алматы, Ана тілі, 991-288
- 29.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы. 985- 17
- 30.Потанин Г.Н. Вюрте последнего киргизского царевича. «Русское богатство», 1886, 60-80
- 31.Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы. 1985-289